

Хазретели Турсун
НАЦИОНАЛЬНЫЕ КОММУНИСТЫ И ЦЕННОСТИ НАЦИИ

Хазретәлі Тұрсұн

ҰЛТ КОММУНИСТЕРІ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

В статье дифференцируется национальные ценности, который пробуждал национальных коммунистов к активной политической деятельности. Вместе с этим, анализируется социальный состав и политические взгляды национальной элиты.

Қазан төңкерісінен кейінгі кеңес өкіметінің «салтанатты шеруі» большевиктерді әлемдік революцияның дайындық алаңы ретінде Шығыс мәселесіне қатысты жан-жақты саясат жүргізуге итермеледі. Осы саясатты іске асырудың аса маңызды тетігінің бірі ретінде жергілікті ұлт өкілдерінің арасынан коммунист кадрлар тәрбиелеуге баса мән берілді. Сол кездегі саяси лексикада жиі қолданылған «Шығыс коммунистері» немесе «ұлт коммунистері» ұғымы негізінен Еділбойы, Кавказсырты, Орта Азия мен Қазақстанның түркі-мұсылман халықтарының арасынан шыққан коммунистердің жинақтаушы атауы болып қалыптасып, диалектикалық дамуда одан әрі кең мағынаға ие болған. Әрине, ұлттық құрамы, әлеуметтік тегі әртүрлі, мәдени деңгейі мен дүниетанымы да ала-құла болғанымен олардың ұлттық құндылықтарды әспеттеуге құрылған саяси көзқарастарында ұлт-азаттық идеялар басым болатын. Содан да, шығыс коммунистерінің дербестікке ұмтылған бұндай әрекеттері Наркомнац басшысы Сталинді 1920 ж. өзінде қатты мазасыздандырып, олардың саяси көзқарастары «панисламизм» және «пантюркизм» деген саяси айдарлармен айыптала бастады. Бұл ағымдар большевиктік биліктің аймақтардағы басты қарсыласы болады деген қауіп болды. Осы саяси бағыттың жолын кесу үшін 1920 ж. тамызында Түркістандағы мұсылман коммунистерінің саяси ұйымы Мұсбюроны таратып, оны Орталық билікке тікелей тәуелді Өлкелік партия комитетімен алмастыру; мұсылман бөлімдері командирлерін босату және тағайындауға құқылы М. Сұлтанғалиев басқарған Наркомнац жанындағы Орталық Мұсылман әскери коллегиясын тарату; жалпы федерациялық орталықтың билік өкілдігіне кедергі болатын Түркістан конституциясына өзгерістер енгізу туралы шешімдер қабылдады [1, 55-56 бб.].

Ұлт коммунистері жетекшілерінің бұқара арасындағы беделі мен ықпалын, ұйымдастырушылық қызметін ақгвардияшыл қозғалыспен шетелдік басқыншылыққа қарсы күресте шебер пайдаланған большевиктерге кеңес үкіметі нығайған кезде кеңестік Шығыстағы ұлт-азаттық қозғалыстың теоретигі, саяси күрестің басшысы ретінде танылған М. Сұлтанғалиев сияқты саяси тұлғалар қажет болмай қалды. Ресейдің мұсылман халықтарына көптеген жеңілдіктер

беру арқылы оларды «шектен тыс еркелеткен» орталық билік өздерінің ерекше ықыласы арқылы шығыс коммунистерін де «тым еркелетіп» жіберді. Ұлт коммунистерімен қарым-қатынасты реттеудегі бұндай қиғаш көзқарас Сұлтанғалиевтың тағдырына қасіретті қолтаңбасын қалдырды: ол партия қатарын «пантүркизм» мен «панисламизмнен» тазарту шарасындағы ең оңтайлы және ең алғашқы ірі саяси нысанаға айналды. Л. Троцкийдің сөзімен айтар болсақ М. Сұлтанғалиев осы күрестегі «Бас хатшының алғашқы құрбандығы» болды [2. 243 б.].

Осыған байланысты РК(б)П ОК ұлт республикалары өкілдерінің IV кеңесінде С. Орджоникидзениң «Мен жолдас Каменевпен сөйлестім, ол Сұлтанғалиев Қазан түбінде біздің қатарымызда соғысты, Колчакқа қарсы отрядтар дайындады - дейді. Бұл маңызды ештеңені білдірмейді, әрбір прогресшіл мұсылман зиялысы Колчактың қара түнек реакциясына қарсы шығады, өйткені ол мұсылман зиялысына жат... Реакцияға қарсы ол немесе басқа мұсылман зиялысының күресі... әлі де ештеңені дәлелдемейді. Бұл коммунист болу дегенді білдірмейді... Бұл біздің тек сапарласымыз дегенді білдіреді - дей келіп - Сұлтанғалиев менің ойымша біздің ұлт саясатымыз қанша дұрыс болса да кеңес өкіметін мүлде мойындамайтын түркішіл, панисламшыл зиялылардың бірі» [1, 55-56 бб.] деп өрекупі көп сырдың бетін ашады. Сталиннің жақын серігінің аузымен айтылған бұл сөздер Сұлтанғалиев бейнесіндегі барлық Шығыс коммунистері де большевиктердің коммунизм идеяларын іске асыру жолындағы «сапарластары» ғана деген көзқарасты танытатын еді. Әрине, бұндай ащы шындық партия көсемдерінің сөздерінде кеп жағдайда бүркемеленіп айтылатын.

Ұлт мәселесімен тікелей айналысқан Наркомнацтың жүргізген үлкен жұмыстарының бірі көпұлтты кеңестік Ресейдің ұлт аймақтары үшін басшы қызметкер кадрлар дайындау болды. Мысалы, 1917 ж. қазан төңкерісіне дейін шығыс халықтары арасында коммунистік партиялық ұйымдар мүлдем болған жоқ, оның есесіне 1918 ж. Наркомнац және оның Мұсылмандар Комиссариаты көмегімен мұсылман коммунистерінің жүзден аса партиялық ұясы (ұйымы) құрылды. Қалыптасқан жағдай бұл үдерісті одан да қарқынды жүргізуді талап етті. Кейінгі кезде Түркістан жағдайында партиялық-мемлекеттік номенклатураның ұлттық бөлігін қалыптастыру, тәрбиелеу және орналастыруды РК(б)П ОК және Орталық өкіметтің эмиссарлық органы -

Түрккомиссия өз қолына алды. Осы мақсатты жеделдетіп іске асыру үшін 1919 ж. қараша айының бас кезінде Түрккомиссия Түркістанға өзімен ілестіріп 117 партия және кеңес қызметкерлерін ерте келді, ал желтоқсан айында олардың 150 адамдық екінші тобы шақырылды [3, 215.]. Бұл қуатты топ Шығыс халықтарының санасына большевиктік саяси құндылықтарды орнықтыруға шұғыл кірісті.

Осындай келімсек топтың күшіне арқа сүйеген Түрккомиссия ұлт коммунистері арасындағы саяси қозғалысты жіті қадағалап, олардың даму барысына түзетулер енгізіп отырды. Осы бағытта атқарылған жұмыстардың есебі орталыққа берілетін. Осыған байланысты Түрккомиссияның 1920 ж. 1-15 маусым аралығындағы атқарылған жұмыстар бойынша Мәскеуге жөнелткен ақпарына назар аударайық. Ол құжатта өлкедегі партия ұйымдарының басында тұрған мұсылман саяси қызметкерлерінің арасындағы жағдайларға тоқталады. Онда ұлттық элита өкілдерін біріктіретін «ешқандай жетекші партиялық орталық жоқ» екендігі атап көрсетіліп, өлкедегі құрылған большевиктік ұйымдардың саяси-әлеуметтік негізіне талдау жасалған. Түркістанда «мұсылмандық партия және кеңес ұйымдарын құрған элементтер - орыстар мен жергілікті халық арасындағы байланыстырушылар (тілмаштар, адвокаттар, писарьлар), сауда қатынасы негізінде орыстанған (приказшілер, делдалдар т.б.) мұсылмандар құрайды. Бұл элементтердің бәрінің де коммунистік партиямен идеологиялық байланысы жоқ» деп қалыптасып келе жатқан ұлттық саяси элита құрамының большевиктік идеялардан алшақ екендігін мойындайды. Сонымен бірге «олардың билік, лауазым үшін бітіспес күрес жолында жекелеген топтарға бірігетіндігіне» назар аударады. Әйтсе де ұлттық мүддені айқындау, ортақ идея қалыптастыру жолындағы элитааралық күрестегі ұлттық құндылықтар, этникалық мүдделер төңірегіндегі тартыстарға таптық, топтық сипат береді. Бұндай сарынды құжаттағы мына жолдар айғақтайды: «Түрлі кеңестік лауазымдар, әсіресе провинцияда тұрғындарды ашық түрде тону үшін пайдаланылады. Үлесті бөлу мүддесімен топтасқан бұл топтар бірін-бірі қорғаштайды», «Олардың көпшілігі өте бай немесе ірі байлар және саудагерлермен байланысқан адамдар. Әдетте, бұндай топтардың Түрккаткомда және Өлкелік комитетте қолдаушылары бар». Осы сипаттар негізінде ұлт коммунистерінің кеңес билігіне қарсы мынадай нақты әрекеттері атап көрсетілген: «Бұл топтар мұсылмандар арасында танылған шынайы коммунистік элементтерге үлкен өшпенділікпен қарайды. Олар коммунистік партия қатарында болмаса да өлкедегі шынайы еңбекшілер арасын қорған сияқты бөліп тұр» [4, 65-66 пи.]. Осы ақпараттың мазмұнынан

мұсылман халықтары арасындағы ұлттық менталитеттен туындаған ерекшеліктер мен нақты саяси жағдай европалық құндылықтарға сай бағаланғандығы аңғарылады.

Түркістан коммунистерінің, әсіресе оның басшылығындағы кадрлардың әлеуметтік тегінің әртекгілігі соншалықты үлкен жаңалық емес, ол қалыпты құбылыс еді. Бұл мәселе саяси номенклатураның құбылуына қарай әр кезде бұрқылдап қайнаған саясат қазанының бетіне көбіктей қалқып шығып отырды. Большевиктік саяси қағидаларды бойына сіңірген ұлт коммунистерінің өзі шығыстық мәселелерге батыстық талғаммен қарай бастады. 1924 ж. Түркістаннан Мәскеуге, Коминтернге қызметке ауысқан Т. Рысқұлов та осы жылдың 24 сәуірінде И. Сталинге жазған хатында мәселеге арнайы тоқталады. «Соңғы кезде Түркістанда патша өкіметінің тілмаштары деп аталатындарға қатысты мәселе өткір қойылып отыр. Халықтың, тарихтың және бәрінің көзі жеткен ақиқат, патша өкіметі кезінде уезд бастықтары мен приставтарға тек патша әкімшілігіне тұрғындарды қанауға көмектескендер ғана тілмаш бола алды» дей келіп, тілмаштарды парақор, мәдениеті төмен, биліктің былығына белшесінен батқандар деп сипаттайды. Ең бастысы осы кәсіп иелеріне «1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс кезінде патша өкіметінің жақтаушылары болды, жазалаушылармен бірге тұрғындарды атуға қатысты» деп қылмыстық айып тағады. Ұлттық мүддеден таптық мүддені жоғары қойған осындай тұжырымдарды алға тарта отырып ол ұлт коммунистерін өз ұлтына қарсы айдап салған И. Сталинге «Сондықтан да тілмаштар туралы партиялық көзқарасты анықтап алу керек» [5, 248 и.] деген ұсыныс жасайды. Субъективтік сипаты басым бұндай саяси тұжырымды Т. Рысқұлов Түркістандағы өзінің саяси қарсыласы, сол кездегі Түрккатком төрағасы И. Қыдырәлиевке қатысты колданады. «Ондаған жыл тілмаш болған», «патша охранкасына қатысы бар» Қыдырәлиев 1919 жылы ғана партия мүшелігіне өткен. Т. Рысқұлов тілмаштар мәселесіне келесі бір хатында қайта оралады. Бұл жолы Түркістандағы жоғары лауазымды қызметкерлер Б. Аралбаев (Ішкі істер халкомы), Н. Рүстемовтерді (Түрккатком хатшысы) бұрын тілмаш болған еді деп атайды [5, 243 п.]. Олар да партия қатарына 1919 жылдан кейін өткен ұлт коммунистері еді. Т. Рысқұловтың бұл ұсынысы ұлт коммунистерін таптық белгіге қарай жіктеп, саяси қуғын-сүргінге ұшыратуға ықпал жасаған көп әрекеттердің бірі ғана еді.

Түркістанда кеңес өкіметі жеңіске жеткен бастапқы кезде билік басындағы большевиктер қатарында ұлт өкілдері өте аз болды. Орталықтың берген кең өкілеттігіне сүйеніп, өлкеде большевиктік үлгідегі автономия орнатуға тікелей басшылық жасаған П.А. Кобозевтің

сенімді серігі, өлкеде көптеген жауапты қызметтер атқарған, 1917 жылдан партия мүшесі Дүйсенбай Нысанбаев В.И. Ленинмен кездескенде былай дейді: «Мен Ташкентте қазақтан шыққан коммунистердің саны 20-дан астам екенін, облыстарда да олардың аз екенін, әйтсе де бұл жолдастардың бәрінің де тегі кедей екенін айтып бердім. Ұсақ буржуазия тобынан шыққан интеллигенция реакцияшыл ұлтшылдықтың ықпалында қалып отырғанын, сөйтіп, солшыл-эсерлер партиясына бет бұратынын, кедейле мен жұмысшылар большевиктердің соңынан ілесіп отырғанын, соның нәтижесінде большевик партиясы мүшелерінің қатары толығып келе жатқанын айттым» [6]. Бұл 1919 жылдың күзіндегі әңгіме. Қаншалықты партиялық сүзгіден өткенімен естеліктің мәселеге қатысты екі жағдайды нақылауға септігі тиеді. Біріншіден, қазақтар арасынан шыққан большевиктердің өте аз болғандығына, екіншіден, ұлттық интеллигенцияның большевиктерді қолдамағандығына көз жетіземіз.

Түркістанда жұмысшылардың партиясы ретінде большевиктік идеяларға әлеуметтік негіз жоқ екендігі жергілікті ұлттың жұмысшы тобының қалыптаспағандығымен түсіндіріледі. Оның есесіне большевиктер саяси дайындағы жоғары ұлттық интеллигенцияны өз қатарына тартуда аса сақтық танытты. Сұлтанғалиев сияқты коммунистік идеяға құлай берілген ұлт коммунистерінің өзі Ресейдегі ұлт мәселесінің шешілмеуі, әлемдік революцияның іске аспай қалуы сияқты себептермен коммунистік идеялардан кейін шегіне бастады. Ұлттық элита өкілдерінің большевизмнен сырт айналып, ұлт мәселесіне ден қоюының шынайы себебі Ресейдегі түркі халықтарының арасында революцияның жетекші әлеуметтік негізі пролетариаттың аздығы немесе мүлдем жоқтығына байлаысты өрбіген саяси пікірталаста айқындалды. Большевиктер жағына шыққан ұлттық элита өкілдері Кеңес өкіметінің «пролетариат диктатурасын орнату мақсаты және ондай жағдайда тек ресейлік большевиктік партия атымен орыс пролетариатының ғана диктатурасы орнауы мүмкін деген ұстанымды мойындады. Мәселеге айқындық беру үшін сол кезде Шығыс халықтары арасында революциялық күрестің ең алдыңғы шебінде көрінген татар пролетариаты мен большевиктерінің саны жөнінде М. Сұлтанғалиевтің пікіріне назар аударайық. Ол былай деп жазады: «Батыс Еуропалық ұғымдағы яғни білікті жұмыс күші, ұлттық-ұйымдасқан жұмыс күші түріндегі пролетариат болған жоқ. Түркі-татар коммунистері революция кезінде ғана өмірге келді. Олар көбіне коммунистік партияға таптық күрес және таптық революция ұрандары үшін емес, тек ұлттардың өзін-өзі билеу ұрандары үшін ұсақ еңбек интеллигенциясы арасынан

шыққан кездейсоқ адамдар еді» [7]. Шығыс коммунистерінің саяси серкесі бұл сөзді өзінң бай тәжірибесіне сүйеніп айтып отырғаны белгілі. Оның осы сөздері арқылы ұлт коммунистері үшін ең жоғары саяси құндылық әлеуметтік теңдік емес, ұлттардың өзін-өзі билеу, тәуелсіздік екендігі ашық айтылды.

Осындай саяси құндылықтарды ұлықтаған ұлт зиялыларының коммунистік партия қатарына өтуге деген ұмтылысына большевиктік басшылық басқаша баға береді. Мысалы, РК(б)П ОК Кавказ бюросының пленумы (3 маусым 1921 ж) қарарында «Үкіметтік партия ретінде коммунистік партияға пайдакүнөмдік, мешандық және интеллигенттік ұлтшылдық рухын арқалаған пролетариатқа жат элементтер ұмтылуда» [8] деген пікір тұжырымдалды. Түрккомиссияның да пікірі осы саяси тұжырымнан алыс емес болатын.

Кеңестік билік ұт аймақтарындағы дәтүрлі қоғамдық жүйені патша отаршылығы кезіндегіден де күрделі дағдарысқа алып келді. Соған байланысты қоғамның жаңа жүйеге сәйкестенуі этникалық санадағы түбірлі өзгерістерді талап етті. Ал жаңа қоғамдық жүйенің маңызды құрауышы ретінде саяси құндылықтар Түркістан жағдайында қандай жолмен болса да билікке ұмтылған ұлттық элитаның әрекетін реттеуге ықпал жасағанын аңғарамыз. Ұлттық тәуелсіздік, әлеуметтік теңдік, сөз, ождан бостандығы сияқты демократиялық құндылықтардың субъектісі ретінде ұлттық саяси элитаның өзі құрылымдық-мазмұндық сапаларын жаңалаумен бірге ұлттық мүддені көздеген саяси ұрандар қалыптастыру және насихаттау арқылы бұқаралық санаға ықпал жасай бастады. Кез-келген мемлекет пен халықтардың тарихында әлеуметтік қызметке соны серпін беріп, түпкі нәтижеге елеулі ықпал жасаған саяси, діни, демократиялық құндылықтар аз емес. Соның мысалы ретінде бір кездері протестанттық құндылықтардың нарықтық қатынастарды қалыптастырудағы рөлін атауға болады.

Әлемдік деңгейде болмағанымен Түркістан жағдайында осындай ұлттық құндылықтар да белгілі шамада идеологиялық мазмұнға ие болды. Үлкен әлеуметтік топтардың, этностардың түпкі мүддесін танытатын идеялардың жүйесі ретінде идеологияны қалыптастыру, насихаттау және іске асыруда ұлттық элита әлеуметтік әртектілігіне қарамастан кеңестік билікке балама позиция ұстанды. Отаршылыққа, кеңестік билік тұсында большевиктік өктемдікке қарсы тұғырнамада ұлттық маңыз алған саяси құндылықтар негізінде орныққан тұтастыққа көп ұзамай сызат түсті. Түркістан қозғалысындағы жәдиттер мен улемашылар, большевиктерге жуық иттифоқшылар мен «үшжүзадіктер» және Алашорданың Оңтүстік бөлігі түріндегі саяси ағымдар билеуші ұйымға айналған Түркістан

компартиясының қызметіне ықпалын тигізбей қалған жоқ. Осы ағымдардың өкілдері мүше болып енген ұйымның ұлт мүддесін көздеген қызметін РК(б)П ОК қатты сынға алды. «Түркістан компартиясы өзгерген жағдайды, партиялық жұмысты соған сәйкес жүргізуді ескере алмады, ол өз жұмысының бар ауыртпалығын әлдеқашан шешілген және мәнін жоғалтқан отаршылық туралы әңгімеге бұра береді. Компартия бұрынғыдай үздік пролетарлық және жартылай пролетарлық элементтерді өзінен бездіретін берекесіз қызметтің, топаралық күрестің алаңы болып отыр» [9]. РК(б)П ОК 27 қыркүйек 1922 ж. Түркістан компартиясына жолдаған хатта айтылған бұл мәселе ұлт коммунистерінің қызмет қырларын толық ашып бере алмайды.

Ұлттық құндылықтар ретінде отаршылыққа қарсы көңіл-күйдің кеңестік билікке қарсы сипат алуы партиялық саясаттың алысты болжаған мақсатты бұрмалауымен ұлт коммунистерінің топаралық күресі ретінде бағаланды. Бұл баға Орталықтың ұлт коммунистеріне коммунизм идеяларына шексіз беріле алмайды деген сенімсіздігінің көрінісі еді. Осы сенімсіздік кеңестік биліктің нығаюы барысында ұлттық элита өкілдерін ұлт мүддесін кеңестік құндылықтармен ұштастыруға жасаған әрекеті үшін солшылдық пен оңшылдыққа, ауытқушылық пен ұлтшылдық сияқты айыптаулармен

саяси қуғындауға негіз болды. Кеңестік билік осылайша қоғамдық дамудағы өзі мойындағысы келмеген ұлттық құндылықтардың өмір сүру құқы түріндегі ақиқатты түрлі саяси айла-шарғылармен бүркемелеуден оны ашықтан-ашық терістеуге қарай ойыса берді. Большевиктік биліктің ұлт саясатындағы бұл бетбұрысы қоғамды тоталитарлық жүйеге итермелеген басты факторлардың біріне айналды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тайны национальной политики ЦК РКП: «Четвертое совещание ЦК РКП с ответственными работниками национальных республик и областей в г. Москве 9-12 июня 1923». Стенографический отчет.- М., 1992, - С.55-56
2. Медведко Л.И. Россия, Запад, Ислам: «столкновение цивилизации?». Миры в мировых и «других» войнах на разломе эпох. М., 2003, -С.243
3. Акрамов А., Авлякулов К. В.И. Ленин, Туркомиссия и укрепление Советской власти в Средней Азии. Ташкент. 1991. -С.21
4. РГАСПИ. Ф.17. Оп. 84., Д.79.
5. РГАСПИ.Ф.17, Оп.85., Д.77. Л.248.
6. Ленинмен кездескен казактар. //Қазақстан коммунисті. №4. 1990. 37 б.
7. Султан-Галиев М. Избранные труды.- Казань. I 996. -С.519-520.
8. РГАСПИ.Ф. 558., Оп.1., Д.3530, Л.2.
9. РГАСПИ.Ф. 17., Оп. 112., Д.374, Л.43.